Открывая семинар, с приветственным словом к участникам обратился управляющий директор по административным вопросам Нуржан Калдыбатыр. О развитии и внедрении информационных технологий в компании рассказал директор департамента информационных технологий Серик Елеусизов, а управляющий директор по информационным технологиям Ержан Малимбаев поделился с коллегами основами управления проектами и познакомил с особенностями работы при использовании информационной системы.

Директор департамента по эксплуатационной работе Кайрат Тапалов выступил сразу с двумя темами – «Обеспечение максимальной вовлеченности рабочего и нерабочего парка грузовых вагонов в производственный процесс» и «Обеспечение информацией для принятия рациональных управленческих решений по вопросам оперирования и управления парком вагонов АО «Қазтеміртранс». Менеджер департамента развития Батырбек Амирханов рассказал о ключевых показателях деятельности компании.

Вопросов социальной поддержки работников в своем выступлении коснулась главный эксперт департамента управления человеческими ресурсами Айнагул Мусаева.

Проведение подобных семинаров стало уже доброй традицией в компании. Однако в структуре АО «НК «Қазақстан темір жолы» это первый прецедент, когда дочерняя компания обучает своих сотрудников, повышая их квалификацию и знания в сфере новых технологий за счет собственных человеческих ресурсов, передавая опыт своих специалистов коллегам по цеху.

После учебы сотрудники филиалов АО «Қазтеміртранс» на местах поделятся полученными знаниями, ценностями компании и основами корпоративной культуры со своими коллегами.

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# ЖАҢАТАСТЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТҚАН

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің маңдайалды станциясының бірі – Жаңатас. Ағымдағы жылы іргетасы қаланғанына жарты ғасыр толып отырған Жаңатас осы маңдағы кеннің мол қорын игеру үшін салынған болатын. Кеңес одағы билігі бұл жұмысты өлкеге темір жол желісін тартудан бастағаны да тиімді болғаны анық.

**Әсел ЖАЙНАҚОВА,**
*Жамбыл*

Тарихқа көз салсақ, 1963 жылы алдымен қазіргі Жаңатас қаласына дейін темір жол салына бастаған, бірақ мұндағы станция 1964 жылдың 30 қазанында салтанатты түрде ашылады. Ал арада екі күн өткен соң Жаңатас кеніші игеріле бастады. Сәйкесінше жүк пойыздары да осы күннен бастап Қаратау кенін Жамбылға, қазіргі Тараз қаласына жеткізу міндетіне кірісті.

Темір жол арқылы ондағы қисапсыз кенді игеруден бөлек, өндірісті қаланың құрылысы жүргізіліп, басқа да керек-жарақ тасымалданып, міне, елу жылдан бері теміржол табанындағы тірлік бір сәтке де тоқтаған емес. Станцияны әр жылдары Юрий Перепелкин, Яков Сабынин,Әбдуәлі Данаев, Ербол Оспанов, Мұрат Тұяқов, Үмітбек Рысбеков, Бекен Нарбаев сынды теміржолшылар басқарып, оның ел экономикасы үшін маңызды міндетін атқару ісін абыроймен ұйымдастыра білді.

Ал қазір Жаңатас станциясы – Жамбыл ЖТ бөлімшесіндегі көшбасшы станция саналады. Ол осы өңірдегі кен өндіру ісіндегі алпауыт кәсіпорындардың өнімдерін тасымалдауды мінсіз орындап келеді.

– Жаңатас темір жол станциясы екінші класты станцияға жатады. Қаратау кенін тасымалдау миссиясын атқарып отыр. Тәулігіне жаңатастық теміржолшылар 128 вагон фосфор рудасы мен фосфор ұнтағын жөнелтеді. Фосфор рудасы теміржолмен Аса станциясына, ал фосфор ұнтағы Шайқорық станциясына дейін жеткізіледі. Одан бөлек, осындағы Созақ станциясынан тәулігіне 50 вагонға жуық химиялық қышқылдар мен табиғи уран жүктеледі. Бұл өнімдер осы жерден Ресей мен Қытайға қарай жол тартады. Соңғы жылдары біздегі жүк тасымалдау көлемі 3 есеге артқанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл өнім өндірудің артуымен қоса біздің теміржолшылардың да еселі еңбегінің нәтижесі деп білемін. Сондықтан, сәйкесінше станцияның кластық деңгейін бірінші класқа ауыстыруға ниет етіп отырмыз. Сонда теміржолшылардың жалақысы артып, штат санын ұлғайтуға қол жеткізер едік, – дейді Жаңатас станциясының бастығы Нұрбек Төлегенов.

Бүгінде станцияда 123 адам жұмыс істейді. Станция әлеуетті тапсырыс берушілері қойған талаптың үдесінен шығуда материалдық-техникалық базасын нығайтуға иек артқан. Олардың «Қазфосфат», «ЕуроХим Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерімен әріптестік орнатуы Жаңатастың халықаралық жүк тасымалы саласындағы әлеуетін танытады. Өйткені, станция арқылы «ЕуроХим Қаратау» компаниясы өз өнімдерін Солтүстік Кавказ теміржол желісіндегі Белореченск станцисы мен Өзбекстан темір жол желісіндегі Озодлик станциясына жөнелтуде.

Келер жылдан бастап станцияның әлеуетті тапсырыс берушілері өнім көлемін арттыруды жоспарлап отыр. Өз кезегінде бұл фактор Жаңатас темір жол станциясының жүк тасымалдау қабілетін тағы бірнеше есеге ұлғайтуға негіз болмақ. Өңірдегі химия өнеркәсібінің алпауыттарынан бөлек, Жаңатас станциясы «Жарас» мұнай базасы, Мұнай өңдеу зауыты, «Аянат» мұнай өнімдері, «Асыл тұз» секілді компаниялардың да өнімдерін тасымалдау бойынша да тапсырыстарын талапқа сай орындап отыр. Қазіргі таңда станцияның 8 жүк тиеу тұйығы бар. Олардың бәрі жұмыс істеуде, бос тұрған бірі жоқ. Бүгінде оның екеуінде жергілікті тұрғындар үшін, жалпы Жамбыл облысы аумағындағы Сарысу ауданы тұрғындары үшін тұрмысқа қажетті тұтынатын көмір сатылып жатыр.

Станция бастығының айтуынша, қыркүйек айының ортасында темір жолдың техникалық әлеуетін бағамдау мақсатында рельстерге толық тексеру жұмыстары жүргізілген. Бұл жүк құрамдарының қысқы маусымда еш кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жасалып отыр. Мұндай тексерулер жылына екі рет өткізіліп тұрады. Әрі бұл тексерулер күзгі және жазғы тасымалға дайындық алдындағы темір жол желілерінің техникалық әлеуетін саралауға мүмкіндік береді.

*Суретті түсірген автор*



ДЕНСАУЛЫҚ




# «ЖӘРДЕМ» ПОЙЫЗЫ – ЖАЛАҒАШТА

Соңғы он жылдан бері шалғай аумақтарға қатынап, ел тұрғындарының денсаулығын жақсарту сынды ізгі миссияны атқарып келе жатқан «Денсаулық», «Саламатты Қазақстан» және «Жәрдем» медициналық пойыздарына бұқара халық дән риза. Оның әр сапарын асыға күтеді.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда – Жалағаш*

Міне, Қызылорданың шалғай жатқан Жалағаш станциясына «Жәрдем» пойызы келіп, екі күн бойы қабылдау өткізіп, жергілікті тұрғындарға дәрігерлік қызмет көрсетуде. Бұған дейін сегіз станцияда бір-екі күннен аялдап, халыққа дәрігерлік көмек көрсеткен ақхалаттылар Жалағаш станциясында да өз міндеттеріне кірісіп кетті. Бекетке келген дәрігерлік пойызды Жалағаш станциясының, Қызылорда электрмен жабықтау және Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшы мамандары құрылғылардың жұмыс жасауына сервистік қызмет көрсетіп қарсы алса, Әскерилендірілген теміржол күзеті жасақтары пойызда қоғамдық тәртіптің сақталуына жағдай жасауда екен.

Сегіз вагоннан құралған «Жәрдем» пойызының 4 вагонында терапевт, педиатр, кардиолог, окулист, хирург, гинеколог, уролог, стоматолог және онколог-маммолог дәрігерлердің тұрғындарға медициналық көмек көрсетуіне бағытталса, 2 вагон тұрғындарының жатын орны, 1 вагон-ресторан, 1 ДГУ мен техникалық қызмет көрсету вагонынан жасақталыпты. Пойыз тұрғындары үш мезгіл ыстық ас-суымен, бекітілген кестемен демалу уақытымен жұмыс жасауда.

– 2010 жылдан бері осы жылжымалы медициналық пойыздарда қызмет жасап келемін. Теміржол баратын барлық елді мекенді аралап, жыл он екі ай айналып жүретін бұл пойыздар ел ішінде үлкен сұранысқа ие және оның жұмысына халықтың алғыс-құрметі шексіз екенін көріп жүрміз. Пойызда тегін әрі сапалы дәрігерлік қызмет көрсететін медицина мамандарының алаңсыз жұмыс жасауы үшін барлық мүмкіндік бар. Бұл жолғы ақ халаттылар Нұр-Сұлтан қалалық №2 емханасының дәрігерлерінен жасақталған, – деді «Жәрдем» пойызының бастығы Ләззат Әлімжанқызы.

Пойыз бастығының таныстыруынан кейін тіркеу орнынан басталатын дәрігерлердің қабылдауына назар аудардық. Вагон іші пациенттерге лық толы, тіпті дәрігерлік пойыздың бір вагонынан екіншісіне өту біршама қиындық тудырады. Көпшіліктің аты – көпшілік. Тұрғындардың кейбірі «жақын маңдағы ауылдан келдім, кезексіз жіберіңдер» деп дау шығарса, бірі үйде қалған жас баласын сылтауратады. Олардың ретпен кіріп, тыныштық сақтауын қадағалап жүрген күзет қызметкерлері дау-дамайды басып тастады.

> ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІН АРАЛАП, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІП ЖҮРГЕН «ЖӘРДЕМ» ПОЙЫЗЫНЫҢ 17 ДӘРІГЕРДЕН ТҰРАТЫН ҰЖЫМЫ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН 2568 АДАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАН.

– Мен Жалағаш ауданына қарасты Аққұм ауылынан келіп, пойыз дәрігерлерінің ақыл-кеңесін алдым. Мені мазалаған белімнің, бауырымның ауыруына байланысты кеңес алып, дәрігерлердің нұсқамасын орындау үшін жергілікті стационарлық емханаға жолдама алдым. Пойыз дәрігерлері тез әрі жылдам қызмет көрсетеді екен, оларға алғыс айтамын, – дейді дәрігерлік пойыздың қызметін алған Жеңіс Жұмабекұлы.

Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарасты станцияларды аралап, медициналық қызмет көрсетіп жүрген «Жәрдем» пойызының 17 дәрігерден тұратын ұжымы күні бүгінге дейін 2568 адамды қабылдапты. Заманауи медициналық құрылғылармен толық қамтамасыз етілген пойызда дәрігерлер алдарына келген пациенттің шағымына орай жұмыс жасайды, керек жерінде емдом жүргізсе, енді бірде кеңес беріп, келесі адамға дәрігерлік бақылауды жергілікті жерде жалғастыруға жолдама беруде. Енді біреулер профилактика үшін тексеруден өтуде. Стоматолог Арман Амантаев, терапевт Зарина Ешмұратова, хирург, уролог Талғат Сәрсенбаев және лор дәрігері Азамат Есахаевтың алды адамнан босамайтынын көзіміз көрді. Негізінен профилактикалық ем-дом, аурудың алдын алып сараптау жұмыстарын жасайтын пойыз дәрігерлері керек кезінде шұғыл отаның жеңіл-желпі түрін де жасайтын жағдайлар болып тұрады екен.

– Жуырда Бел станциясында жолкөлік оқиғасына ұшыраған адамдар арасында халі ауыр жас балаға дәрігерлік көмек көрсетуге мәжбүр болдық. Оқиға салдарынан пациенттің ішектері жыртылып, бауырында ішкі қан ағу орын алған. Оқиға біз аялдаған станция маңында болған соң бізге алып келген бойы алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, стационарлық ауруханаға жеткізілуіне жағдай жасадық, – дейді «Жәрдем» пойызының дәрігері Зарина Әлімханқызы.

Жаңақорғаннан бастап бірнеше станцияда аялдаған «Жәрдем» пойызы дәрігерлері алдағы күндері, қазан айының 9-13 аралығында Қызылтам, Байқожа, Майлыбас және Сексеуіл станцияларына аялдап жергілікті тұрғындарға медициналық көмек көрсететін болады.

– Негізінен облыс тұрғындарында қант диабеті, неврологиялық аурулар, асқазан, жүрек-қан тамыры, онкологиялық және әйелдерге қатысты сырқаттардың басым екені байқалады. Сонымен қатар қан құрамын емдейтін, асқазанға байланысты сырқаттарды емдейтін эндокринолог, тіс ауруын емдеушілерге, онколог, маммолог мамандарға және кардиологиялық ауруларды емдейтін дәрігерлерге мұқтаждық басым екені аңғарылады. Себебі осындай дертке ұшыраған сырқаттарға қатысты сұрақтар көп қойылып, соған қатысты кеңес алушылар саны басым, – дейді «Жәрдем» пойызының бас дәрігері Айнұр Егінбаева.

*Суреттерді түсірген автор*

СЕРВИС

# ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАП ОТЫРМЫЗ БА?

Редакцияға телефон соққан құлсарылық зейнеткер Сембай Жұбанов ақсақал жуырда теміржол көлігімен сапары барысында кездескен екі қолайсыздыққа шағым айтты. Бірі – Маңғыстау вокзалында бірнеше сағат аяқ суытып демалатын орын таппағанын жеткізді.




**Шахида ЖҰМАН,**
*Маңғыстау*

«Ақтөбе пойызымен барып сағат 4-тен 8-ге дейін демалып алатын орын таппадық. Қонақ үй жоқ вокзалда, ана мен бала бөлмесінің де бар-жоғын біле алмадық. «Көктем» деген конақ үйдің адресін қолымызға ұстатып сонда жіберді. Ол қаланың бір шетінде екен, үш сағатқа бір тәуліктің құнын төлеуге мәжбүр болдық» деп арыз айтты ақсақал.

Осы мәселеге байланысты біздің Маңғыстаудағы тілшіміздің анықтауынша, шын мәнінде Маңғыстау вокзалында ана мен бала бөлмесінің ашылғанына біраз жыл болыпты. Десе де, көпшілік вокзалда мұндай орынның бар екенін біле бермейтін болса керек, сондықтан бөлмені пайдаланушылар аз екен. Айында бір-екі адам ғана қолданады. Әрине, бұл Маңғыстау вокзалынан балалы аналар өтпейді дегенді білдірмесе керек…

Вокзал бастығының айтуынша, бұған себеп Маңғыстауда халық вокзалға кестеге байланысты пойыз жүруіне таяғанда келеді екен. Сондықтан ондай қысқа уақытта ешкім ана-бала бөлмесін керек етпейтін көрінеді. Былтырғы және биылғы тоғыз айда ана мен бала бөлмесі қызметіне 28 адам жүгініпті. Ол да болса әрі-бері өткен өткінші пойыздардың жолаушылары екен. Ал бұл бөлме тек балалы әйелдерге арналғандықтан бөгде жолаушыларды жібермейді. Жоғарыдағы ақсақал қонақ үй сұраса, вокзалда ол, әрине, жоқ.

– Осыған дейін аналар бөлмені сұрап, біз бермей қойған немесе орын жетпеген жағдай болған жоқ. Қолында билеті бар, пойызы сол тәуліктің ішінде жүретін адамға аталған қызметті алуына толық мүмкіндік бар. Бірақ ол жерде түнде қонып қалуға болмайды. Бөлменің ішінде үлкен адамға арналған екі кереует, бала жатқызуға бір арнайы орын, мұздатқыш және дәрі-дәрмек салынған арнайы жәшік бар. Өзім осы вокзалға жұмысқа келген 2017 жылы да ана мен бала бөлмесі жұмыс жасап тұрған, содан бергісін білемін. Мұздатқыш пен «аптечка» сол жылдар ішінде сатып алынды, – дейді Маңғыстау вокзалының бастығы Алма Айымқұлова.

Вокзал бастығы алдағы уақытта Маңғыстау вокзалынан өтетін жолаушыларды жағымды жаңалық күтіп тұрғанын да жеткізді. Келесі жылы күту залында бұған дейін болмаған ауа салқындатқыш құрылғысы орнатылмақ.

– Күту залының іші қыстыгүні жылы болады. Жазда күн қызғанда ауа жоқ, қапырыққа айналатын. Сондықтан халыққа қолайлы болу үшін жазда залдағы орындықтардың біразын ғимарат сыртындағы ағаштардың астына, көлеңкелі жерлерге шығарған едік. Енді салқын түсе қайта ішке кіргіздік. Сыртта Мұнайлы ауданы әкімдігі жерге орнатып берген алты ағаш орындық қалды. Ғимарат ішінде күтуге арналған 75 орын бар. Жалпы, жолаушыларға қолымыздан келгенше жағдай жасаудамыз. Қазір күту залына ауа салқындатқыш құрылғысын қою мәселесі шешімін тауып, сегіз кондиционер орнатамыз деп отырмыз. Сондай-ақ, бұрындары жолаушылар әжетханаға байланысты көп арызданатын. Тамыз айында әжетхана құбыры түгел ауыстырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы әжетхана пайдалануға берілді. Сонымен қатар электронды билеттер сатылымға шыққанша, яғни 45 күн бұрын сатылатын билетті 40 күн алдын да таба алмаймыз деп шағымданатындар да азайды, билет бір ай бұрын алғанға қолжетімді болды. Жыл басынан бергі үш тоқсанда шағымдар кітабына небәрі 4 арыз түсті, біз қалай болған күнде де вокзалға келген жолаушының жағдайын жасауға тырысамыз, – дейді вокзал бастығы.



Әрине, кез келген вокзалда ана мен бала бөлмесі тек балалы әйелдерге арналған, солар үшін төсек-орын, балалар арбасы бар дегендей, бірақ көп жағдайда апталап айлап бос тұратын сол бөлмелерге қажет болған жағдайда алысқа ұзап бара алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды немесе үлкен кісілерді де қабылдауға болмас па? Қонақ үй болмаған жағдайда, әрине.

Құлсарылық зейнеткер Жұбанов Сембай ақсақалдың екінші шағымы Мақат станциясында дәріхана жоқтығына байланысты еді. Сапары барысында сырқаттанып, Мақаттан дәрі алуға түскен ақсақал толып жатқан дүңгіршектер арасынан бірде-бір дәрі сататын киоск таба алмағанына қынжылады. «Вокзал басшылығы халыққа қызмет көрсетуді дұрыс ұйымдастыру үшін ең болмаса бір дәрі-дәрмек сататын дүңгіршектің болуын ескеруі қажет еді, жолаушы халықтың ауырары, сырқары бар», – дейді қария.

*Суреттерді түсірген автор*

# ВСЯ ЖИЗНЬ – ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

На станции Нур-Султан проводили на заслуженный отдых дежурного по станции Розу Сыздыкову, почти 40 лет проработавшую в этом коллективе. За добросовестный труд она награждена знаком «Адал еңбегі үшін», неоднократно поощрялась грамотами и денежными премиями.

**Кирилл МАКСИМОВ**

С выходом на заслуженный отдых ее поздравили коллеги и друзья. Много теплых и добрых слов было сказано в ее адрес.

Начальник станции Кайрат Оразбаев вручил виновнице торжества благодарственное письмо и отметил ее многолетний вклад в развитие станции, верность профессии.

– Вы зарекомендовали себя как профессионал, честно и добросовестно относились к выбранному делу. На станции стало доброй традицией торжественно провожать на пенсию своих сотрудников. Только в этом году на заслуженный отдых вышли 10 работников, – сказал он.

Поздравили и пожелали ей здоровья, счастья, семейного благополучия менеджер по персоналу станции Рахия Мырзалиева и инструктор производственного обучения Актокты Макымбаева.

Роза Сыздыкова окончила колледж транспорта и коммуникации по специальности «организация перевозок и управление на транспорте», целенаправленно готовилась стать движенцем.

На железную дорогу пришла в 19 лет, начинала учеником дежурного по станции. Она зарекомендовала себя не только как толковый и требовательный специалист, но и чуткий и порядочный человек. У нее трое детей и пять внуков.

У столичной станции – своя особенность. Являясь крупной внеклассной сортировочной, она соединяет главный город страны с регионами. Через нее проходит большой объем грузов, в том числе следующих по транзитным коридорам между странами СНГ, Европы и Азии.



*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# СТИХИ О ЖИЗНИ И ТРУДЕ

Осмотрщик вагонов ПТО станции Косколь Жумагали Кенжалин не расстается со своим блокнотом, в который записывает строки, рожденные в процессе работы. В своих стихах он признается в любви к своей профессии и к железной дороге.

**Светлана МОГАЙ,**
*Караганда*

Этого приветливого и доброжелательного человека знают все жители станции. Изо дня в день, одетый в ярко-оранжевую униформу Жумагали производит технический осмотр вагонов перед отправкой состава в путь. Вместе со своими коллегами он ходит по путям и простукивает состав.

С помощью специального инструмента осмотрщики анализируют издаваемый деталями звук. Таким образом они находят неисправность и своевременно стараются ее устранить. Между делом Жумагали записывает стихи, которые рождаются сами собой. В них он воспевает становление Казахстана и железной дороги, которая объединяет десятки тысяч людей.



По его словам, стихи начал писать с 2002 года.

– Я очень люблю свою работу и поэтому стараюсь запечатлеть в стихах все, что связано с ней. Если что-то придет на ум, сразу же записываю в свой блокнот. Так рождаются поэтические строки, – делится он. – Мое творчество сначала оценивает супруга, которая высказывает свое мнение и вносит некоторые коррективы. Она мой первый слушатель и рецензент.

На станции Косколь Жумагали Кенжалин трудится четвертый год. В советское время был секретарем комсомольской организации, заведующим клубом. После окончания Целиноградского железнодорожного техникума устроился вагонником в Жезказгане, после был командирован в Косколь, где по сей день продолжает свой трудовой путь. У него трое детей и четверо внуков, которым по душе творческий потенциал отца и деда.

Главная мечта Жумагали – чтобы железная дорога процветала еще много лет, а вместе с ней и многонациональный народ.

«Пусть степи светят ярким светом, пусть строятся большие города, а наши взгляды будут устремляться вдаль…» – пишет он.

*Фото автора*

ПАМЯТЬ

Ее уважали за профессионализм, ответственное отношение к делу, силу характера и доброе сердце. Молодая, красивая, полная надежд и планов на будущее, главный эксперт информационной и международной работы ОО «Казпрофтранс» Татьяна Боцул ушла осенью 2018-го. Ушла навсегда… С той скорбной даты минул год, но до сих пор свыкнуться с утратой не могут не только родные, коллеги и друзья, но и все, кто хоть однажды сталкивался с ней при жизни, знал визуально, по голосу или переписке.

# ГОРИ, ГОРИ, МОЯ ЗВЕЗДА…

Татьяна Боцул вкладывала душу в любимое дело и за годы работы в профсоюзе воплотила в жизнь массу проектов и идей, получивших продолжение и после ее ухода. Будучи неутомимым фанатом своего дела, она до последнего участвовала в подготовке профсоюзных мероприятий, из больницы поддерживала связь по телефону со своими коллегами, делилась знаниями и опытом.

– Татьяна инициировала первый международный форум женщин профсоюзов транспортной отрасли «Счастье – территория женщин», фестиваль семей железнодорожников «Өнегелі отаудың – өрісі кең», который мы планируем сделать ежегодным, форум молодежи «Профсоюз. Молодежь. Инновации», акции памяти, велопробеги и флешмобы, посвященные Дню Победы, многочисленные соревнования, квесты и тренинги для железнодорожников, – рассказал о ее деятельности председатель Казахстанского отраслевого профессионального союза работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта Оразгали Ахметбаев. – На протяжении последних нескольких лет мы проводим конкурсы рисунков для детей железнодорожников, которые, по задумке Татьяны Анатольевны, сопровождаются мастер-классами по изобразительному искусству, в 2018-м с ее помощью переиздана сказка Петра Ершова «Конек-Горбунок» на казахском языке, проиллюстрированная работами наших ребят.

Она старалась создать условия, которые бы объединяли всех, умела разглядеть в сотруднике потенциал, поддержать и направить в нужное русло, дать толчок для развития. Очень много делала для ветеранов отрасли, отстаивала интересы работников, беспокоилась о справедливости. Ее идеи находили отклик в сердцах людей. Татьяна была на своем месте – ее неравнодушие, самоотверженность и желание быть полезной помогали в решении главной задачи профсоюза – защищать права человека труда.

– Татьяна Анатольевна была очень энергичным человеком, настоящим организатором. Вся информационная работа держалась на ней, и она всегда доводила задуманное до конца. Я с ней очень тесно работал и признаюсь, что мне всегда было комфортно, так как она была настоящим профессионалом! – вспоминает менеджер департамента по управлению человеческими ресурсами Замир Сериков.

Неудивительно, что Татьяну Боцул знали и уважали не только коллеги из Казахстана, но и далеко за его пределами.

– Яркость, талантливость, душевность и позитивная сила личности Татьяны давали право людям из разных стран считать ее своим другом. Тяжело принять мысль о расставании с человеком, который близок по духу, – признался генеральный секретарь Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников Геннадий Косолапов.

С теплотой вспоминают о ней и коллеги из России.

– Нам вместе довелось участвовать в организации совместных проектов и программ. Татьяна Анатольевна была необыкновенно отзывчивым, светлым и жизнерадостным человеком, очень компетентным и ответственным в работе, – поделился председатель РОСПРОФЖЕЛ Николай Никифоров. – Она из тех редких людей, чья утрата невосполнима для всех, кто знал ее, кто был рядом.

**ДОРОГОЙ ПАМЯТИ**

Татьяна Боцул – потомственная железнодорожница. Ее отец, Анатолий Васильевич Боцул, посвятил жизнь вождению поездов – вплоть до выхода на заслуженный отдых трудился машинистом локомотива, подготовив для локомотивного хозяйства ни одно поколение профессионалов. Мама Инесса Александровна более 40 лет проработала в системе железнодорожного транспорта, вышла на заслуженный отдых с должности главного технического руководителя по охране труда в АО «Электровоз құрастыру зауыты».

С детства маленькая Таня восхищалась этой профессией и мечтала пойти по стопам родителей. Девочка росла очень любознательной и творческой: увлекалась поэзией и классической прозой, живописью, музыкой.

– В нашем роду есть еще одна многолетняя династия – педагогическая, и к окончанию школы ни у кого не оставалось сомнений, что Татьяна – гуманитарий. Поэтому она поступила в Целиноградский педагогический институт на специальность «русский язык и литература», – рассказала Инесса Александровна. Получив диплом, Татьяна отправилась к родственникам в Пензу, где устроилась на работу в школу.

– Она признавалась, что по-прежнему мечтает стать железнодорожницей по нашему примеру. И так как вся ее жизнь прошла под девизом «Идти вперед и добиваться поставленной цели!», во время летних каникул Таня поступила на заочное отделение в Алма-Атинский институт инженеров железнодорожного транспорта по специальности «организация перевозок», – делится мама.

В тот период зарплаты учителя ей хватало лишь на оплату жилья, проезда и скромной продуктовой корзины. Проработав в пензенской школе три года, Татьяна решила вернуться на Родину и, наконец, осуществить давнее намерение. Она устроилась на стальную магистраль, сначала в департамент локомотивного хозяйство, а затем – в Центральный совет отраслевого профсоюза, работе в котором посвятила всю жизнь.

– Там она себя нашла. Таня всегда заботилась о социальной защите людей, ее проекты касались практически всех социальных слоев и сфер деятельности профсоюза. Ее любовь к литературе отражалась в инициируемых конкурсах, викторинах и флешмобах, забота о комфорте женщин – в организации первого форума железнодорожниц, о старшем поколении – в подготовке поездок на международные соревнования и акции памяти и многом другом, – вспоминает Инесса Александровна. – Ей повезло с коллективом. Это неравнодушные люди, готовые всегда прийти на помощь. Руководство и коллеги в регионах поддерживали все ее идеи и помогали претворить их в жизнь. Проделав большую работу по организации, она предпочитала оставаться за кадром, была очень скромной.

**В ГОСТЯХ У СКАЗКИ**

Благодаря одной из таких инициатив свет увидело новое переиздание на казахском языке сказки в стихах «Конек-Горбунок», написанной Петром Ершовым в 30-х годах XIX века. Спонсором выступило ОО «Казпрофтранс», а иллюстрации к книге нарисовали дети железнодорожников.



– Прабабушка Татьяны Анна Васильевна Кузьмина (Девятова) приходилась родной сестрой жене Петра Ершова Олимпиаде Васильевне. В 2016 году мы побывали на родине писателя в городе Ишиме Тюменской области. Во время посещения музея Ершова нам продемонстрировали произведения автора, переведенные на разные языки мира. Среди экспонатов не было лишь книги на казахском языке. Хотя перевод сказки «Конек-Горбунок» в советское время осуществлялся, – рассказывает Инесса Боцул.

После поездки Татьяна Анатольевна поставила цель найти экземпляр сказки на казахском языке для музея. Однако, обойдя все библиотеки города, к своему великому сожалению, не обнаружила ни одной такой книги. Тогда железнодорожница обратилась к филиалам в регионах с просьбой поискать книжку у себя на местах. После долгих поисков выяснилось, что единственная сохранившаяся до наших дней книга в качестве выставочного экземпляра представлена в библиотеке Алматы.

Это побудило Татьяну к действию. Она нашла и связалась с детьми переводчика Кайнекея Жармаганбетова. Перевод из-под его пера вышел в 1974 году, и больше книга не переиздавалась. Заручившись поддержкой наследников, профсоюз объявил конкурс рисунков по мотивам сказки «Конек-Горбунок». В течение месяца дети железнодорожников в возрасте от 8 до 14 лет присылали свои работы на суд жюри. Рисунки победителей стали иллюстрациями к книге. А переиздать ее в количестве 300 экземпляров удалось в канун 100-летнего юбилея переводчика. Дети Кайнекея Жармаганбетова восприняли это как хороший знак и были очень благодарны.

– Таня уже болела, но это не помешало ей лично передать книги в музей Ершова и библиотеку Ишима. Событие было приурочено к открытию церкви на месте дома, где родился автор. Презентуя сказку, мы рассказали о казахском народе, поделились историей АЛЖИРа, гости праздника были впечатлены повествованием. А какой восторг у них вызвала книга! – делится воспоминаниями Инесса Александровна. – После этого дочь планировала выпустить сборник сказок, объявила новый конкурс рисунков, но уже не успела…

***

1 октября 2018 года в возрасте 43 лет после продолжительной борьбы с болезнью Татьяна Боцул ушла из жизни. Проститься с ней пришло большое количество искренне скорбящих людей – родных, коллег, учителей, друзей.

Она была прекрасной дочерью, сестрой, супругой и мамой, настоящим железнодорожником, безгранично преданным своему делу, талантливой и очаровательной женщиной. Такой и останется в нашей памяти…

*Любовь РОВБА*

# КОГДА РАКЕТКА ЛУЧШИЙ ДРУГ

Приемосдатчик груза и багажа станции Павлодар-Южный Бота Икласова серьезно увлекается настольным теннисом, и каждый раз на всевозможных спортивных состязаниях защищает честь своего предприятия.



Вот уже на протяжении четырех лет Бота работает приемосдатчиком груза и багажа в Павлодарском отделении ГП. Несмотря на трудности профессии, она со всеми обязанностями научилась справляться играючи.

– У меня среднее специальное образование – железнодорожный колледж, специальность – проводник. В детстве мечтала стать спортсменом или дизайнером, но не сложилось. Спустя время оказалась здесь, и уходить не думаю. Хороший коллектив, что еще нужно для успешной работы? – говорит она. – Мои любимые виды спорта – шахматы и настольный теннис. Последним увлеклась еще в школе. Когда начала играть в настольный теннис, учителя заметили задатки, поэтому предложили мне заняться им серьезно, так и начала тренироваться. Здесь, главное, ловкость рук.

Свой отпуск девушка также проводит активно, любит выезжать на природу, покорять горы. Бота мечтает, чтобы в Павлодарском отделении ГП начали проходить турниры по баскетболу, которым она тоже увлекается. Сейчас здесь активно развивается мини-футбол.

Стоит отметить, Бота Икласова приняла участие в трехдневных республиканских соревнованиях по летним видам спорта среди сотрудников АО «НК «ҚТЖ», проходивших в середине июня в Боровом, где выступила в шахматах и настольном теннисе.

*Айдана ЕРТАЙ*

# И ДНЕМ И НОЧЬЮ БЕГУТ ПОЕЗДА



Есть люди, от умения и мастерства которых многое зависит на железной дороге. К таким можно отнести дежурного по станции Шамалган Серика Утегенова. И хотя он относится к разряду молодых специалистов, за свои трудовые шаги он успел достаточно много сделать и преуспеть в профессиональном становлении.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Шамалган*

На станции Серик работает после окончания Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева и с первых дней усвоил золотое правило: делать свою работу добросовестно, ведь железная дорога не терпит халатного отношения.

Он помнит свой первый рабочий день на станции, причем на адаптацию и раскачку никто времени ему не давал, все сам схватывал на лету. Сумасшедший станционный ритм, селекторная связь, бесконечные телефонные звонки – сначала немного терялся от такой насыщенной деятельности, но постепенно вся эта круговерть стала обычным рабочим процессом.

Начинал составителем поездов. Здесь, как нигде, понадобились мгновенная реакция, бдительность и осторожность, а главное – четкое и поэтапное выполнение всех действий.

Проработал 10 лет составителем, эта работа прочно закалила его характер и дала понять, что железная дорога навсегда вошла в его жизнь со своими заботами, тревогами и успехами.

Уже более двух лет Серик трудится дежурным по станции. Каждая смена для него своего рода экзамен, к которому он тщательно готовится – контролирует выполнение плана местной работы на станции, своевременную подачу и уборку вагонов на путях, координирует действия работников других служб, обеспечивающих работу станции. Сразу видно, что Серик к своей работе относится ответственно, тщательно взвешивая и анализируя все действия.

– Специфика нашей работы кроется не столько в оперативности, сколько в умении согласовать и увязать действия всех служб для обеспечения движения бесперебойного транспортного движения, – говорит он.

Есть у Серика одна отличительная черта – он привык доводить дело до конца, причем всегда несколько раз себя проверяя. Такая скрупулезность говорит о его высокой ответственности за порученное дело, и неслучайно коллеги отзываются о нем, как о человеке надежном. В его работе, как ни в какой другой, важны гибкость мышления и способность на основе безукоризненного чтения поездной обстановки принимать правильные решения. И это ему удается.

*Фото автора*

# ӨҢІР ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақтөбеге жұмыс сапарымен барған сенат төрағасы Дариға Назарбаева өңір жастарымен кездесті. Олардың қатарында белсенді жас теміржолшылар да болды.



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
*Ақтөбе*

Дариға Нұрсұлтанқызы мемлекеттік жастар саясатындағы рухани-мәдени құндылықтарға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұрпақ сабақтастығына, отбасылық тәрбиенің басымдылығына және жастардың білім алуға ұмтылуына басымдық берді. «Егер сен жақсы жұмыс жасасаң, жақсы табыс табасың. Мен сіздердің барлығыңыздың жақсы басшылық қызметке ұмтылғандарыңызды қалар едім. Ол үшін үлкен білім қажет. Біз үнемі өзімізді жетілдіріп отыруымыз керек», – деді сенат төрағасы жастармен кездесуінде.

Басқосуда жастар да сөз алып, өз ойларымен бөлісті. Ақтөбе ЖТ бөлімшесінде басшылық қызметтердің бірінде жүрген жас теміржолшы қоғамдық өмірге белсене қатысып жүрген әріптестері туралы сөз қозғап, компаниядағы жастар ұйымының жұмысы туралы айтып берді. «Компаниядағы жастар ұйымы туралы айтқым келеді. Өңірде 5 мыңға жуық жас теміржолшы бар. Жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз жастар үшін жоба көп. Жастар форумында рационализаторлар өз ұсынысын ортаға салып, тың идеяларымен бөліседі. Еңбек жоғары бағаланады. Сонымен қатар, бөлімшеде «Жайдарман» ойындарына қатысатын командамыз бар. Жастарымызды ынталандыру үшін әртүрлі шаралар өткізіп тұрамыз. Салауатты өмір салтын сақтауға арналған спорттық жарыстар тығыз қарым-қатынас орнатып отыр. Тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасыларға жастардың бастамасымен көмектер көрсетіліп келеді. Теміржолшылар үшін биылғы Жастар жылы түрлі жобалар мен жетістіктерге толы болды. Сонымен қатар, бұдан басқа кейбір күрделі мәселелер де жоқ емес. Статистикаға сүйенсек, өткен жылы 42 адам жұмыстан шыққан. Оның дені жастар. Бұл – теміржолдан басқа салаларға да қатысты жағдай. Сондықтан, білікті мамандарды жұмыстан жоғалтпау жағын қарастыру жолын іздеу керек деп ойлаймын», – деді Ақтөбе ЖТ мекемесі техникалық бөлім басшысының орынбасары Руслан Жұмағалиев.

Теміржолшының жүйелі ойына риза болған сенатор оның сөзіне қол соғып, құрмет көрсетті. «Жарайсың! Талдап, жүйелі түрде түсініріп бердің. Жастар алға ұмтыла беру керек, мемлекет сіздерге сенім артады. Жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді бөлігі, қоғамның қоғаушы күші. Сондықтан ел тірегі сендер екенін әсте естен шығармағандарың абзал», – деген жастардың ой-пікірін тыңдап, ел дамуына үлестерін қосып, белгілі бір іспен айналысуға шақырды.

*Суретті түсірген автор*

# ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

Тіл туралы Заң қабылданғаннан бері қанша жыл өтті. Өз тілімізді қастерлеп, құрметтеуге, халқымыздың ең бай құндылығы ретінде тілімізді сақтауға күш салумен келеміз.

Мемлекеттік мәртебеге ие болса да өз дәрежесінде қолданылмай жатқан туған тіліміздің қоғамда нық қалыптасуы үшін аз жұмыс жасалып жатқан жоқ. Тіл – халықтың сан ғасырлар бойғы тарихы. Ана тілі жоқ ел мемлекет болып өмір сүре алмайды. Тілі жоғалған елдің өзі де жоғалмақ. Сондықтан да, әрбір мемлекет өзінің ана тілін қастерлеп, қорғап жүреді. Тіліңді қорғау ол – өз тіліңде таза сөйлеу деген сөз.

Бүгінде қазақ жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп келеді. Және олардың әрқайсысының ана тілі мен ата дәстүрі бар. Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі оның ана тілі екені барша жұртқа белгілі.

Жақында Көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің еңбек ұжымында қыркүйекте аталып өтетін тіл мерекесіне байланысты мәдени шара өткізілді. Оны департаменттің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бөлімі ұйымдастырып, бөлімнің бас маманы Д.Көлбаева мемлекеттік тіл және оның даму аспектілері жөнінде баяндама жасады.

Департамент басшысының орынбасары Б.Асайынов көпшілікті тілдер мерекесімен құттықтап, Қазақстанды мекен еткен ұлттар мен ұлыстар бір-бірінің тілі мен дініне құрметпен қарайтынын, дегенмен әр ұлт ең алдымен «өзге тілдің бәрін білгенімен, өз тілін құрметтеуге» тиіс екенін жеткізді.

Шара әрі қарай бағдарлама бойынша сұрақ-жауап, мақал-мәтелдер сайысына жалғасып, тілге байланысты ойындар жүргізілді. Мұнда жоғары белсенділік танытқан Р.Жүсіп, А.Әбдірахманова, Қ.Сыдықов және А.Бержанова сияқты мамандар еңбегі аталып өтті.

**Төребай КЕНЖЕБАЙ**

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



# ЖАРАСЫМ ТАПҚАН ЖАНҰЯ

Біздің ұғымымыздағы, қазір мемлекет деңгейінде дәріптеліп жүрген «Мерейлі отбасы» әр салада бар. «Мерейлі отбасыға» анықтама берудің де қажеті шамалы деп ойлаймын. Бұл – айрандай ұйыған шаңырақ, үлгісі, өнегесі мол үй, тәрбиесі мен тағылымы үйлескен, ұл-қыздары ел мақтауына ілінген ата-ана. Мұндай отбасылар темір жол саласында да жетерлік. Мәселен, Марат Искраұлы Бекежановтың жанұясын алайық...

«ҚТЖ» АҚ» ҰК – «Жүк тасымалы бөлімшесі» Жамбыл филиалында 15 жылдан бері қызмет ететін Марат Бекежанов аяулы жары Зүлфия Ерғалиқызымен бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Отбасының он алты жастағы тұңғышы Искра Айбектің спорттағы жетістігі теміржолшылар шаңырағының мақтанышы болып отыр. Жақында ғана, тамыз айында Айбек Ақтөбе қаласында ересектер арасында өткен Қазақстан чемпионатында бақ сынап, бір алтын, екі күміс медаль алып келді. «Екі ұлым да кішкентайынан спортқа құмар болды. Оған өзіміз де ықпал еттік. Үлкенім жүзу спортын серік етсе, екіншім алғашында бокс үйірмесіне, кейін еркін күреске, содан кейін қайтадан боксқа қатыса бастады. Әр жеңістеріне мәзмейрам болып, ертеңдеріне зор үмітпен қараймын. Кіші қызымыз бар болғаны үш жаста», – дейді қырықтың қырқасына енді шыққан отағасы Марат Искраұлы.

Искра Айбек Тараз қаласындағы Төле би атындағы №8 мектеп-гимназиясында он бірінші сыныпта оқиды екен. Биылғы наурыз айында облыс орталығында жастар арасында өткен Қазақстан чемпионатында бір алтын, бір күміс, бір қола медаль иеленіпті. Ол жеңісі БАҚ бетінде де, интернет көздерінде де жарияланып, отбасының мерейін тасытқан. Содан кейін маусым айында Германияның астанасы Берлин қаласында өткен Әлем кубогында күміс медальді олжалап қайтты.

Мараттың айтуынша, Айбек қазіргі кезде қараша айында Польшада өтетін жарысқа дайындалу үстінде. Онда 2020 жылы Жапонияның астанасы Токиода өткелі отырған Паралимпиадалық ойындардың лицензиясы сарапқа салынбақ. Келесі жылы әлем елдері болып тамашалайтын төрт жылдықтың бас жарысынан Айбекті көріп қалуымыз ғажап емес. Оның ойынын тек ата-анасы ғана емес, мұқым қазақ тақым қысып тамашалайтын күнді жазсын деп тілейміз.

Айтпақшы, паралимпиадалық ойынға деп отырғанымыз, Айбектің көзінің төмендеу көретіні болмаса, он екі мүшесі сау екенін айта кетейік.

Ал екінші ұлы Бекежан Жанбекке келсек, ол да кішігірім жетістіктерімен отбасын қуантып жүр. Өңір аумағындағы Байзақ ауданында Облыстық біріншілікте додаға түсіп, өз салмақ дәрежесінде Жамбыл облысы чемпионы атанған. «Өзі ауыр салмақты. Мәселен, сол жарыстың тұсында жасы он үште болғанымен, салмағы жетпіс келіні тартқан. Былтыр да Жаңатас қаласында ұйымдастырылған былғары қолғап шеберлерінің сайысында рингке тоқсан келімен шығып, қарсылас шақ келтірмеді. Ал қазіргі салмағы тоқсан келіден асып жығылады», – деп күледі Марат. Расында, Жанбектің денесі қатарластарына қарағанда ірілеу. Пошымына қарап, қазақтың атын шығаратын бір ұлдың өсіп келе жатқанына сенесіз. Тіл-көзіміз тасқа...

«Әкем Искра Бекежанұлы Қазақстанға еңбегі сіңген қаржыгер, анамыз Қасымқызы Қамарбану да бас есепші болып ұзақ жылдар бойы қызмет еткен. Жұбайым облыстық қазынашылық департаментінде бөлім басшысы қызметін атқарады. Мен болсам теміржолдың заңгерімін. Айбек болашақта IT технологияны меңгергісі келеді, ал Жанбек заңгер болғысы келеді. Қай мамандықты таңдаса да еріктері, тек жақсы азамат болсын», – дейді жарасым тапқан жанұя басшысы.

**Әсел ЖАЙНАҚОВА,** *Жамбыл*

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# ПОЙЫЗ ДИСПЕТЧЕРІ

Шымкент жол бөлімшесіндегі шұғыл басқару бөлімінің пойыз диспетчері Ерлан Жүсіпбеков – пойыздар қозғалысын ұйымдастырумен айналысатын жауапты маман. Бұл салада тәжірибесі де жетерлік.




**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

«Теміржолшы болуды бала күнімнен армандадым. Қазір өзім арман еткен салада еңбек етіп жүрмін, отандық теміржолдың дамуына титтей болса да үлесімді қосып, адал еңбек ету – басты ұстанымым» дейді ол. Оның қарамағына Арыс-Түлкібас учаскесі кіреді. Шұғыл басқару бөлімі, аты айтып тұрғандай, қандай да бір оқыс оқиға, апат туындай қалса, шұғыл шешім шығара білуімен, қауіптің алдын алуымен ерекшеленеді, мұндағы диспетчерлер қырағылықпен қатар сауатты да тәжірибелі болуы ескеріледі.

Осыдан 3 айдан астам уақыт бұрын Арыста орын алған оқиға кезінде осы шұғыл басқару бөлімінің тікелей араласуымен 118 адам Шымкентке пойызбен жеткізілген еді. Сол күні кезекшілікте болған Ерлан оқиғаның қалай өрбігенін әңгімелеп берді.

